

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері : республикалық бюджеттің қ а р а ж а т ы .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты : Парламент Сенаты мен Мәжілісі депутаттарының, мәслихаттар депутаттарының және аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауын өткізуді ұйымдастыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері : Парламент депутаттарының, мәслихаттар депутаттарының және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізуді іске асыру, сайлау өткізу кезінде аумақтық, округтік және учаскелік комиссияларға басшылықты жүзеге асыру, мемлекеттік қызметшілердің к ә с і б и д еңг е й і н к ө т е р у .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары :

N p/с	Бағдарлама коды	К і ш і бағдарлама коды	Бағдарламаның (кіші бағдарламаның) атауы	Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар	Іске асыру мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	2	3	4	5	6	7
1	001		Сайлау өткізуді ұйымдастыру			
2		001	Орталық органның аппараты	Республика аумағында сайлау туралы заңнаманың орындалуына бақылауды жүзеге асыру, оның бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ету. Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру, Парламент Сенаты депутаттарының, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге басшылық жасау. Сайлау комиссияларына сайлау жөнінде басшылық жасауды жүзеге асыру, олардың арасында сайлау науқанын өткізу үшін бөлінген республикалық бюджет қаражатын бөлу.	Жыл бойы	Орталық сайлау комиссиясы
3		007	Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру	Мынадай тақырыптар бойынша мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жөніндегі қызметтерді сатып алу: - бюджеттеу, жоспарлау және орындалуын бақылау; - мемлекеттік сатып алу; - құжаттау, ұйымдардың	Жыл бойы	

құжаттамасын басқару және құжаттарын сақтау, мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізуге көшу;
- кадр қызметін құжаттамалық қамтамасыз ету және кадр құжаттарын заңгерлік қамтамасыз ету.
Мемлекеттік және ағылшын тілдерін үйрету.

Орталық

					сайлау комиссиясы	
4		009	Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарактандыру	<p>Мамандандырылған жабдықтарға, есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету және жетілдіру. "Сайлау" ААЖ, "Лука бюджет", "Қаржыландыру жоспары", "Бюджеттік процесс мониторингі" ақпараттық жүйелерін техникалық және технологиялық қамтамасыз ету.</p> <p>Желілерді әкімшіліктендіру жөніндегі қызметтерді, "Сайлау" ААЖ деректерін беру желісіне және орталық аппараттың Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін және "Сайлау" ААЖ жұмысын толық қамтамасыз ету үшін қызметтерді сатып алу. Шығыс материалдары мен жиынтықтаушы қосалқы бөлшектерді; техникалық құралдарды (серверлерді); лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу - 1-тоқсан.</p>	Жыл ішінде	Орталық сайлау комиссиясы
5		100	Сайлау өткізу	<p>Шығып қалғандардың орнына Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарын сайлауды, мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауын, аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауын әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыру, соның ішінде: сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен оның қызметіне, үй-жайларды жалға алуға, іссапар шығыстарына, консультанттарға, сарапшыларға еңбекақы төлеуге; кандидаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөздеріне; сайлау алдындағы көпшілік шараларын өткізуге; көлікке жұмсаған шығындарын жабу. Сайлау комиссияларының</p>	Жыл бойы	

мүшелерімен сайлауды әзірлеу мен өткізу жөнінде екі семинар және оқу өткізу.

Орталық

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК